

## Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 220 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 31 тамызда № 7148 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әуе кемелерінің тізілімін жүргізу және Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2007 жылғы 23 шілдедегі № 210 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4879 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қару-жарақ пен әскери техника жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

Ә. Жақсыбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі  
милиция генерал-майоры

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2011 жылғы 2 мамыр

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы  
милиция генерал-майоры  
\_\_\_\_\_ Н. Әбіқаев  
2011 жылғы 29 шілде

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2011 жылғы 18 мамырдағы  
№ 220 бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленді.

Қағидалар Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиация әуе кемелерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) тіркеу тәртібін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) беру тәртібін айқындайды Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелері Тізілімде тіркелуге жатады.

3. Тізілімді жүргізуді және Хабарлама беруді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

### **2-тарау. Әуе кемесін тіркеу (шығару) және Хабарлама беру тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік санатқа ауыстырылатын әуе кемесін тіркеу үшін қарамағына әуе кемесі келіп түскен мемлекеттік орган (мекеме) уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінімді;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандары альбомының (бұдан әрі – альбом) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әуе кемелерін қабылдау-тапсыру актісі (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген);

3) әуе кемесін қабылдағанын (сатып алғанын) растайтын тиісті құжаттардың көшірмелерін;

4) әуе кемелерін әуе кемелерінің тиісті тізілімінен шығаруды растайтын құжатты (азаматтық әуе кемелері және шетел мемлекеттерінің әуе кемелері үшін).

Ұсынылған құжаттар негізінде уәкілетті орган әуе кемесін Тізілімге енгізеді және Хабарлама береді.

Мемлекеттік авиацияның әуе кемесін Тізілімге енгізу тиісті құжаттарды қоса бере отырып, өтінім келіп түскен күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 28.09.2020 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Әуе кемесін Тізілімнен шығару үшін қарамағында әуе кемесі бар мемлекеттік орган (мекеме) уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінімді;

2) Хабаламаны (түпнұсқасы);

3) альбомның 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әуе кемелерін қабылдау-тапсыру актісі;

4) шетел мемлекетіне әуе кемесін беруді (сатуды) немесе мемлекеттік авиацияның әуе кемесін азаматтық (эксперименттік) санатына ауыстыруды немесе мемлекеттік авиацияның әуе кемесін есептен шығаруды растайтын тиісті құжаттардың көшірмелерін.

Ұсынылған құжаттар негізінде уәкілетті орган әуе кемесін Тізілімнен шығарады.

Мемлекеттік авиацияның әуе кемесін Тізілімнен шығару тиісті құжаттарды қоса бере отырып, өтінім келіп түскен күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 28.09.2020 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5-1. Тізілімге тіркелуге жататын ұшқышсыз әуе кемелері мынадай санаттарға бөлінеді:

1) орындалатын міндеттердің арналуы мен түрі бойынша:

жауынгерлік (соққы беретін) – авиациялық зақымдау құралдарымен соққы беру үшін арналған әуе кемелері;

барлау – инфрақызыл және теледидарлық диапазондарда барлау, қадағалау құралдарымен әуеде барлау жүргізу және қашықтықты лазерлік метрлеу үшін арналған әуе кемелері;

көп мақсатты – бір уақытта немесе ұшуға арналған тапсырмаға байланысты бірнеше міндетті шешу үшін арналған әуе кемелері;

2) басқару қағидаты бойынша:

автономды – оператордың араласуынсыз навигациялық кешенге енгізілген бағдарламаға сәйкес ұшу тапсырмасын орындайтын әуе кемелері;

қашықтықтан басқару – жерүсті басқару станциясынан (басқару пунктiнен) оператор басқаратын әуе кемелері;

аралас – ұшуда оператор жерүсті басқару станциясынан (басқару пунктiнен) автоматты түрде немесе көрсетiлген тәсiлдердi үйлестiрумен басқаратын әуе кемелері;

3) массалық-габариттік сипаттамалары бойынша:

микро – барынша ұшу массасы 10 килограмм аз болатын әуе кемелері;

шағын – барынша ұшу массасы 10 бастап 100 килограмм дейiнгi әуе кемелері;

орташа – барынша ұшу массасы 100 бастап 1 000 килограмм дейiнгi әуе кемелері;

ауыр – барынша ұшу массасы 1 000 килограммнан асатын әуе кемелері;

4) ұшуды орындау биіктігі бойынша:

шекті төмен биіктіктерде – жергілікті жер бедерінен немесе су бетінен 200 метрге дейiнгiнi қоса алғанда;

төмен биіктіктерде – жергілікті жер бедерінен немесе су бетінен 200 бастап 1 000 метрге дейiнгiнi қоса алғанда;

орташа биіктіктерде – теңіз деңгейінен 1 000 бастап 4 000 метрге дейiнгiнi қоса алғанда;

үлкен биіктіктерде – теңіз деңгейінен 4 000 бастап 12 000 метрге дейiнгiнi қоса алғанда;

стратосферада – теңіз деңгейінен 12 000 метрден жоғары.

**Ескерту. 2-тарау 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2017 № 499 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

6. Хабарлама әуе кемесінің Тізілімде тіркелгенін растайтын құжат болып табылады. Хабарлама жоғалтылған немесе бүлінген кезде оның көшірмесі беріледі. Көшірмені алу үшін уәкілетті органға Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінімді ұсыну қажет.

Әуе кемесіне Хабарламаның көшірмесін беру өтінім келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Хабарламаның көшірмесін беру кезінде уәкілетті орган Тізілімдегі Хабарламаның түпнұсқасын жою туралы тиісті жазбаны енгізеді.

Хабарламаның көшірмесі "көшірме" белгісін және тіркеуші органның мөртаңбасын қоюмен Хабарламаның түпнұсқасының барлық мәтінін қамтуға тиіс.

7. Әуе кемелерін Тізілімге тіркеуден (Тізілімнен алудан, Хабарлама телнұсқасын беруден) бас тарту үшін негіз осы Қағидалардың 4, 5 және 6-тармақтарына сәйкес құжаттар тізімін толық ұсынбау болып табылады.

**Ескерту. 2-тарау 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.09.2020 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік авиациясының әуе  
кемелерін тіркеу қағидаларына  
1-қосымша  
ҮЛГІ

## ЕЛТАҢБА

Уәкілетті орган \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиация әуе кемелерінің тізіліміне әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы ХАБАРЛАМА № \_\_\_\_\_

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік авиация әуе кемесінің түрі	Мемлекеттік авиация әуе кемесінің толық зауыттық нөмірі	Шығарылған жылы	Мемлекеттік және тіркеу тану белгілері *
--	---	-----------------	--

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

Негіздеме \_\_\_\_\_

Мемлекеттік авиация әуе кемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізілімінде тіркелгенін куәландырады.

\_\_\_\_\_ (уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: \*Халықаралық аэронавигацияда қолданылатын мемлекеттік авиация әуе кемесі үшін толтырылады.

(артқы жағы)

ҮЛГІ

МЕМЛЕКЕТТІК АВИАЦИЯНЫҢ ӘУЕ КЕМЕСІН БЕРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

Негіздеме \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

Негіздеме \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

Негіздеме \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

Негіздеме \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік авиациясының әуе  
кемелерін тіркеу қағидаларына  
2-қосымша  
ҮЛГІ

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысына  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу  
туралы  
ӨТІШІМ**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ (әуе кемесінің түрі)

Зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_

Шығарылған күні (әскери өкіл қабылдап алған күні) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (авиациялық қозғалтқыштардың түрі және олардың зауыттық нөмірі)

\_\_\_\_\_ авиациялық қозғалтқыштары орнатылған

\_\_\_\_\_ жататын

\_\_\_\_\_ (пайдаланушы және оның мекенжайы)

\_\_\_\_\_ келіп түскен

\_\_\_\_\_ негізінде

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізілімінде тіркеуді

сұраймын.

Қосымша мәліметтер:

1. Санаты (әуе кемесінің арналуы) \_\_\_\_\_

2. Ең ауыр ұшу салмағы, килограмм \_\_\_\_\_

Қосымшалар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның, (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты мекеменің басшысы) (бар болған

жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік авиациясының әуе  
кемелерін тіркеу қағидаларына  
3-қосымша  
ҮЛГІ

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысына  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізілімінен мемлекеттік  
авиациясы әуе кемесін шығару туралы  
ӨТІНІМ**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ жататын

\_\_\_\_\_ (пайдаланушы және оның мекенжайы)

\_\_\_\_\_ (әуе кемесінің түрі)

Зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(авиациялық қозғалтқыштардың түрі және олардың зауыттық нөмірі)  
\_\_\_\_\_ авиациялық қозғалтқыштары  
орнатылған

Мемлекеттік авиациясы әуе кемесін Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы

әуе кемелерінің тізіліміне мемлекеттік тіркеу туралы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
берілген № \_\_\_\_\_ хабарлама  
мемлекеттік және тіркеу тану белгілері \_\_\_\_\_

байланысты

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізілімінен шығаруын сұраймын.

Қосымша мәліметтер:

1. Санаты (әуе кемесінің арналуы) \_\_\_\_\_

2. Ең ауыр ұшу салмағы, килограмм \_\_\_\_\_

Қосымшалар: \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік авиациясының әуе  
кемелерін тіркеу қағидаларына  
4-қосымша  
ҮЛГІ

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысына  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізіліміне әуе кемесін  
мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесін алуға  
ӨТІНІМ**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2023 № 392  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_



(әуе кемесінің түрі, борттық нөмірі)

әуе кемесінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің тізіліміне мемлекеттік тіркеу туралы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарламаны ауыстыруды (телнұсқа беруді) сұраймын.

Ауыстыру (телнұсқа беру) себебі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Куәлікті жоғалтуға, зақымдауға (бүлдіруге) әкеп соқтырған жағдайлар

\_\_\_\_\_

Әуе кемесі туралы деректер:

Әуе кемесінің түрі \_\_\_\_\_

Зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_

Шығарылған күні (әскери өкілдің қабылдап алған күні) \_\_\_\_\_

Қондырылған қозғалтқыштар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(авиациялық қозғалтқыштардың түрі мен зауыттық нөмірі)

Санаты (әуе кемесінің арналуы) \_\_\_\_\_

Ең ауыр ұшу салмағы, килограмм \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тиесілі

(пайдаланушы және оның мекенжайы)

\_\_\_\_\_ келіп түскен

\_\_\_\_\_ негізінде.

Қосымшалар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның, (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты мекеменің басшысы) (бар болған жағдайда))

Мөр орны

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_